

**«№ 5 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ  
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

« 04 » 09 2020 ЖЫЛҒЫ

Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9 адам.

Отырысқа қатысты – 9 адам.

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңестің 2019-2020 оқу жылындағы жұмыс есебі, алдағы 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту-А.В.Данилова
2. 2020-2021 оқу жылына «№ 5 орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту.
3. 2020 жылдың жазғы кезеңінде жүргізілген жөндеу жұмыстары және коронавирустық пандемия кезеңінде санитарлық – эпидемиологиялық шараларды ескере отырып, кезекші сыныптарды қабылдауға дайындық шаралары туралы ақпарат – директордың әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары Г. В. Крахалева.
4. Аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық көмек көрсету-әлеуметтік педагог Ю. В.Кузубова.
5. 2020-2021 оқу жылында коронавирус пандемиясы кезеңінде шектеу шаралары жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру-директордың ОІ жөніндегі орынбасары А. И. Бердюгина.
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресудің алдын алу-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. С.Бельгибаева.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** «№5 орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің 2019 – 2020 оқу жылындағы жұмысы туралы мектептің Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. В. Данилова есеп берді.

**Екінші мәселе бойынша** мектептің Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. В. Данилова Қамқоршылық кеңестің құрамын бұрынғы құрамда қалдыру туралы ұсыныс жасады.

**Үшінші мәселе бойынша** 2020 жылдың жазғы кезеңінде жүргізілген жөндеу жұмыстары және коронаврус пандемиясы кезеңінде санитариялық – эпидемиологиялық шараларды ескере отырып, кезекші сыныптарды қабылдау үшін дайындық іс-шаралары туралы ақпаратпен директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Г. В. Крахалева сөз сөйледі.

Г.В. Крахалева 2020 жылдың жаз мезгілінде «№ 5 орта мектебі» КММ сынып кабинеттеріне ағымдағы жөндеу жүргізілгенін, жаңа қабатаралық есіктер орнатылғанын, шатырдың толық жабылғанын, мектептің периметрі бойынша жаңа қоршау орнатылғанын хабарлады. Жаңа оқу жылының басында санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтау үшін мектеп бактерицидті кілемшелер, бактерицидті шамдар, байланыссыз термометрлер, қорғаныш

пластикалық қалқандар, үстел үсті бактерицидті шамдар, антисептиктер сатып алды. 1-4 сынып оқушыларын штаттық режимде қабылдау үшін 1,5 метр қашықтықта балаларды отырғызатын кабинеттер дайындалды, оқушыларды үш шығу жолынан қабылдау схемасы әзірленді, мектепке кіре берісте және мектеп ғимаратында қозғалыс белгілері орнатылды.

**Төртінші мәселе бойынша** әлеуметтік педагог Ю.В. Кузубова «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу туралы ақпаратпен сөз сөйледі.



**Бесінші мәселе бойынша** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. И. Бердюгина сөз сөйледі (баяндамасы бар).

**«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрестің алдын алу» алтыншы мәселесі бойынша** директордың ТЖ орынбасары А.С.Бельгибаева сөз сөйледі (талдамалығы бар)

### Шешім:

1. «№5 орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің 2019 – 2020 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын, Қамқоршылық кеңестің 2020 – 2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы өзгеріссіз қалдырылсын.
3. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Г.В. Крахалева мектептегі санитарлық – эпидемиологиялық шаралардың сақталуына тұрақты бақылауды жүзеге асырсын.
4. Ю. В. Кузубова аз қамтылған және көп балалы санатқа жататын отбасыларды анықтау мақсатында «№5 орта мектебі» КММ оқушылары арасында мониторингті жалғастырсын.
5. Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары А. И. Бердюгина кезекші сыныптарға арналған оқу сабақтарының кестесін жасасын.
6. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С. Белгібаева мектеп қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» ҚР Заңын сақтау мониторингін жалғастырсын, «Адал Ұрпақ» мектеп клубының алдағы 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлесін.

Қолдары:

	/Данилова А.В./
	/Арапова А.А./
	/Каирбекова Ж.С./